



БҮЙРЫҚ

20²⁵ жылғы «05» 03
Ақтөбе қаласы

№ 106

ПРИКАЗ

«__» ____ 20__ года
город Ақтөбе

**Білім беру ұйымдарында қаражат
жинауға тыйым салу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарында қаражат жинау фактілерінің алдын алу мақсатында **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдерінің басшылары, басқармаға ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының басшылары:

1.1. Білім беру ұйымдарында педагогтер мен ата-аналар арасында қаражат жинауға тыйым салынсын;

1.2. Қаражат жинауды болдырмау туралы педагогтер мен ата-аналар арасында алдын алу жұмыстары күшейтілсін;

1.3. Сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық және қылмысқа жол берген барлық айғақтардың алдын алуы бойынша тиісті деңгейде шаралар қабылдасын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н.Бертлеуоваға жүктелсін.

«Ақтөбе облысының білім
басқармасы» ММ басшысы



Б.Күзембаева